

**D-О-3 санатты, аумақтағы құрылыс және жоспарлау  
бөлімінің басшысы; D-О-3 санатты, мемлекеттік қала құрылысы  
кадастры бөлімінің басшысы «Б» корпусының бос әкімшілік  
мемлекеттік лауазымдарына орналастыру бойынша «Павлодар  
облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ  
конкурстық комиссиясы отырысының  
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

Павлодар қаласы

2017 жылғы « 29 » маусым  
Басталуы: сағ. 11 : 00 мин.

Конкурстық комиссияның құрамы – 5 адам.  
Қатысты: 6 адам.

- |                                |  |
|--------------------------------|--|
| Кәмшат Төлеуханқызы Балтабаева | - ұйымдастыру-кадрлар және қаржы жұмысы бөлімі басшысының м.а., комиссия төрайымы;                 |
| Арман Рашидұлы Құлмағамбетов   | - ұйымдастыру-кадрлар және қаржы жұмысы бөлімі бас маман-бас бухгалтерінің м.а., комиссия хатшысы. |

**Комиссия мүшелері:**

- |                                 |  |
|---------------------------------|--|
| Шыңғыс Қуандықұлы Нұрмағанбетов | - өндірістік-экономикалық бөлімнің басшысы;                |
| Алмас Жаңабекұлы Мәтенев        | өндірістік-экономикалық бөлімнің бас маманы;               |
| Айнұр Оралбекқызы Нұрғалиева    | - аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің бас маманы;   |
| Асқар Құмарханұлы Ақпанов       | - мемлекеттік қала құрылысы кадастры бөлімінің бас маманы. |

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. ҚР барлық мемлекеттік органдарының мемлекеттік қызметшілері арасындағы ішкі конкурса (бұдан әрі – ішкі конкурс) қатысушылардың «Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ (бұдан әрі – Басқарма) D-О-3 санатты, аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің басшысы; D-О-3 санатты, мемлекеттік қала құрылысы кадастры бөлімінің басшысы «Б» корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына ұсынылған құжаттарды қарау және іріктеу.



2. Ұсынылған құжаттардың жарияланған D-O-3 санатты, аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің басшысы; D-O-3 санатты, мемлекеттік қала құрылысы кадастры бөлімінің басшысы «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі және қатысушыларды әңгімелесуге жіберу туралы шешім қабылдау.

Тыңдалды: Комиссия мүшесі, өндірістік-экономикалық бөлімнің басшысы Ш.Қ. Нұрмағанбетов 2017 жылғы 23 маусымда Басқарманың [deparhpo.gov.kz](http://deparhpo.gov.kz) интернет-ресурсында және уәкілетті органның [kuzmet.gov.kz](http://kuzmet.gov.kz) ресми сайтында ішкі конкурстарды өткізу туралы хабарландыру жарияланып, құжаттарды қабылдау мерзімі 2017 жылғы 28 маусымда аяқталғанын хабарлады.

1. D-O-3 санатты, аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің басшысы «Б» корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасу бойынша ішкі конкурсқа қатысу үшін бірде-бір құжат ұсынылмады.

2. 2017 жылғы 28 маусымда D-O-3 санатты, мемлекеттік қала құрылысы кадастры бөлімінің басшысы бос лауазымына орналасу бойынша ішкі конкурсқа қатысу үшін C-O-5 санатты, «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Павлодар облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті» РММ заң басқармасының бас маманы Асхат Мұхамеджанұлы Омаровтан өтініш және қызметтік тізім қабылданды, ол 1969 ж. 22.05. туылған, «Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс» мамандығы бойынша «Құрылыс инженері» біліктілігімен, «Юриспруденция» мамандығы бойынша «Заңгер» біліктілігімен екі жоғары білімі бар.

Қаржы полициясы органдарында 1995-2008 жылдары қызмет атқарған. 2011-2014 жылдар аралығында жеке ұйымдарда құрылысшы мамандығымен еңбек еткен, салық органдары жүйесіндегі қызметін 2014 жылдан бастаған.

Жалпы еңбек өтілі 30 жыл, мемлекеттік қызметті өткерудегі еңбек өтілі – 16 жыл.

D-O-3 санатты, мемлекеттік қала құрылысы кадастры бөлімінің басшысы бос лауазымына орналасу бойынша Ішкі конкурсқа қатысушы А.М. Омаров «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидалары» 4-бөлімі 2-параграфының 43-тармағына сәйкес барлық құжаттарын конкурстық комиссияға ұсынды.

Асхат Мұхамеджанұлы Омаров ұсынған құжаттардың топтамасы біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

1. Ішкі конкурсқа қатысушының құжаттары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 13 желтоқсандағы «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына үлгілік біліктілік талаптарын бекіту туралы» № 85 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 10 мамырдағы № 98 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере



отырып) бекітілген «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына үлгілік біліктілік талаптары» 2-бөлімінің 37-тармағына сәйкес қатысушыға қойылатын тиісті «Б» корпусының D-O-3 санатты әкімшілік мемлекеттік лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестікке қарап және талдап;

2. Қарау қорытындылары бойынша және D-O-3 санатты, аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің басшысы «Б» корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасу бойынша ішкі конкурсқа қатысушылар болмағандықтан, Басқарманың конкурстық комиссиясы

### ШЕШТІ:

1. C-O-5 санатты, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Павлодар облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті заң басқармасының бас маманы Асхат Мұхамеджанұлы Омаров D-O-3 санатты, мемлекеттік қала құрылысы кадастры бөлімінің басшысы «Б» корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасу үшін әнгімелесуге жіберілсін.

2. D-O-3 санатты, аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің басшысы «Б» корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасу бойынша ҚР барлық мемлекеттік органдарының мемлекеттік қызметшілері арасындағы ішкі конкурс өткізілмеген болып есептелсін.

Комиссия төрайымы:

Комиссия хатшысы:

Комиссия мүшелері:



Калшан

К. Балтабаева

А. Құлмағамбетов

А. Құлмағамбетов

Ш. Нұрмағанбетов

Ш. Нұрмағанбетов

А. Мәтенов

А. Мәтенов

А. Нұрғалиева

А. Нұрғалиева

А. Ақпанов

А. Ақпанов